

**Семей Мемлекеттік медицина  
университеті**  
**Қазақ тілі және орыс тілі кафедрасы**



**СӨЖ**

**Тақырыбы: Гастроэнтеролог  
деонтологиясы**

**Орындаған: Тұрарова Д.  
Тексерген: Нургазина М.С.**

**Семей 2017 ж**

# Жоспар

---

**1.Кіріспе**

**2.Негізгі бөлім**

2.1 Деонтология, этика ұғымдары

2.2 Гастроэнтеролог деонтологиясы

**3.Қорытынды**

**4.Пайдаланылған әдебиеттер**



# КІРІСПЕ

Әрбір тарихи кезеңде әділет, абырой мен парыз ұғымдарында өзінше түсінік қалыптасқан.

Медицина - ең ежелгі мамандықтардың бірі. Ол ем қолданып, шипа дарытудың бай тәжірибесін менгеріп, адам іс әрекеттерінің өзге түрлерінен ерекшеленетін белгілі бір қасиеттер иеленеді. Медицинаға да әлеуметтік-саяси кұрылысқа байланысты қалыптасатын өзіндік ахлаки және адамгершілік жосындар тән болмақ. Көне замандардан бері дәрігерлікпен шұғылданатын адамдарға айрықша адамгершілік талаптар қойылып келеді.

**Деонтология** (гр. deon - қажеттілік және logos ілім; қажеттілік туралы ілім) - этиканың парыз, жалпы қажеттілік туралы (ізгілік талаптары білдіретіннің барлығы) қарастыратын бөлімі. Терминді алғаш **Бентам** жалпы ізгілік теориясын белгілеу үшін қолданған.



## ***НЕГІЗГІ БӨЛІМ 2.1***

Этика — адамгершілік туралы және оның әлеуметтік мәні туралы ілім. Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табуда. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлық нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады.

Медициналық этиканың құрамдас бөлігі деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы ХІХ ғасырдың басында пайда болды (грекше deon - тиісті; logos - ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болтан жоқ: өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылымның атауы ретінде ауызға алған.



## НЕГІЗГІ БӨЛІМ 2.2

- ▣ **ГАСТРОЭНТЕРОЛОГИЯ** [грек. gastr (gastrs) — асқазан, қарын, nteron — ішек және logos — ілім] — адамның асқорыту жүйесінің құрылысы мен қызметі, аурулары (көбінесе, жұқпайтын), олардың себептері, патогенезі (дамуы), белгілері, оларды анықтау, емдеу және олардан сақтану туралы ғылым; медицинаның бір саласы. Ас қорыту органдарының аурулары ерте заман ғалымдарына да белгілі болған. Мыс., асқазанның ойық жара кеселі, оны емдеу жолдары [Әбу Әли ибн Сина \(Авиценна\)](#) еңбектерінде де кездеседі. Гастроэнтерология ғылымы 19 ғ.-дың аяғы мен 20 ғ.-дың басында кеңінен дамыды;



□ Гастроэнтеролог дәрігері - асқазан-ішек жолдарының ауруларының диагностикасымен, емдеумен және алдын алумен айналысады. Гастроэнтеролог емдейді : ас қорыту органдарының (өңеш, асқазан, жіңішке ішек, жуан ішек) және басқа да асты қорытуға қатысатын : бауыр, өт жолдары, ұйқы безі ауруларын.




*Медициналық дентология дегеніміз -* медицина қызметкерінің адам баласы алдындағы, қоғам алдындағы атқаруға тиіс кәсіптік парызы мен өтеуге тиіс борышын оқытатын ілім. Біздің дәуірімізге дейін IX ғасырда өмір сүрген атақты үнді дәрігерінің «Өмір кітабы» атты еңбегінде дәрігерге былай деген өсиет айтады: «Дәрігер іс жүзінде табысқа жету үшін: өзінің дені сау, мұнтаздай таза, қарапайым, шыдамды, сақалы қысқа етіп бастырылған, тырнақтары алынған, ақ жиде жұпыны киім киген болуы керек. Сөйлеген сөзі жұмсақ, жағымды, тартымды және үлкен үмітпен айтылуы қажет. Дәрігердің ақ жүректі адал, қайғыға ортақтасқыш, сезімтал, тура мінезді, байсалды, ерекше сабырлы, асқан ақылды әрқашанда жақсылық істеуге тырысып тұратын адам болғаны абзал.



*«Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы»* деп А.

Линкольн айтпақшы әрбір есі кіріп, етек жап-қан адам-белгілі бір қоғамның мүшесі болып табылады, ол қандай болмасын сүйікті бір ісімен айналысады, түрлі адамдармен қарым-қатынаста болады.

Жеке адамның өзіндік ерекшелігін бағалау, нені қалайтындығын білу, көңіл күйін қадағалау әрі науқасқа ерекше көңіл аудару - ол әр дәрігердің міндеті болып табылу керек.





## ***НЕГІЗГІ БӨЛІМ 2.3***

Науқаспен қарым-қатынаста дәрігер міндетті түрде медицина қызметкерлерінің кәсіби этикасы қағидаттарына бағынуы тиіс. Олардың негізі мына бағыттар бойынша көрінеді және өрбиді:

- медициналық қызметкер – емделуші,***
- медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары,***
- медициналық қызметкер – медициналық қызметкерлер.***



## *Медициналық қызметкер – емделуші*

Науқас пен дәрігер арасындағы қарым-қатынас дәрігер жұмысында өте маңызды орын алады. Дәрігер мен науқас және оның туысқандары бір-біріне сенім тудыратын қатынас жасағанда ғана ем нәтижелі болуын күмән тумайды. Ал дәрігер мен науқас арасында дұрыс қатынас болмаған жағдайда, ем нәтижелігіне науқас күмәнданып, басқа дәрігер таңдауға мәжбүр болады. Науқас дәрігерге сенім білдірсе, қарапайым емге де күмәнсіз қарайды. Сондықтан, әр дәрігер және де басқада медицина қызметкерлері науқаспен және оның жақын туыстарымен дұрыс, тиісті дәрежеде олардың сенімділігін тудыратын қарым-қатынас құруы керек.



## *Медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары*

Науқастың отбасы мүшелері, туысқандары дәрігерге сенеді және науқастың өмірін дәрігерге тапсырады. Дәрігер науқасқа, оның отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына қайғылы ақпаратты жеткізу барысында қорқыныш сезімінен аулақ болуы тиіс. Өйткені дәрігердің іс-әрекеті қарым-қатынаста отырған адамға бірден әсер ететіні сөзсіз.

Қайғылы ақпаратты жеткізу үшін науқастың отбасын алдын-ала дайындау керек. Қайғылы ақпаратты телефон арқылы жеткізуге болмайды. Отбасы мүшелері сырқат жайлы толық білгілері келуі мүмкін, сол кезде шындықты жасырмай барлығын толығымен айту керек. Қайғылы жаңалықты есту әркімге де оңайға тимейтіні анық. Науқастың туыстарына қайғылы оқиғаны жеткізуде жаман хабарды барынша жұмсартып жеңіл түрде жеткізе білген жөн. Дәрігер аса жоғары дайындықта болу керек және науқастың отбасына қолдау көрсету керек.



## *Медициналық қызметкер – медициналық қызметкерлер*

Дәрігерлердің өзара қарым-қатынасының деонтологиясы ұжым өмірінде маңызды мәнге ие болып, тұрғын халық арасындағы емдеу мекемесінің бет-бедері мен беделін анықтайды. Сондықтан, деонтологиялық қағидаларды қатаң сақтап, әріптестер арасындағы қарым-қатынасқа қаду түсірмеу бүкіл қызметкерлердің қасиетті борышы болып табылады. Дәрігерлердің өзара деонтологиялық үйлесімділігі ұжым татулығының негізін құрып, оның кәсіби беделі мен берекесін арттырады.



*“Өзге дәрігер жөнінде жаман пікір  
айтпа, өйткені әркімнің сәтті де, сәтсіз де  
сағаттары бар. Сенің даңқыңды сөзің емес,  
ісің шығарсын”*

*Е.А.Вагнер*



## ***ҚОРЫТЫНДЫ:***



Дәрігер - ерте заманнан бері келе жатқан Ұлы Есім. Науқасқа ауруынан айықтыруға көмек беретін, емдейтін, қолдау көрсетіп, демеу беретін тұлға. Дәрігердің моральдық бейнесі әр түрлі болады яғни науқасқа зиян келтірмей, әділетсіздік жасамай барынша қандай жағдай болса да науқастардың өтінішін орындауға сондай-ақ олардың күтімін сақтау болып табылады. Моральдық бейне – бұл ішкі жан дүниесі, бет – бейнесі. Ал этика – үлгі өнеге және рухани тәрбие туралы ғылым, ол грек сөзі «ethos» — әдеп, мінез, өнеге деген мағынаны білдіреді, медициналық әдеп-кәсіби қызмет атқару кезінде әдеп сақтау принципін орындау болып табылады.



Ибн Синаның дәрігерлерге айтқан төмендегі сөзін «Ақ халатты абзал жан» атанамын деген әрбір дәрігер өз ұстанымы ретінде қабылдаса нұр үстіне нұр болар еді: *«Дәрігер қыран құстай қырағы, Қыз баладай епті, Жыландай ақылды, Арыстандай жүректі болуы тиіс».*



# Пайдаланылған Әдебиеттер

<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5%D0%BE%D0%BD%D1%82%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F>

**Интернет желісі :old.qamshy.kz**





---

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**

---

